



# АЛИМЕНТ

Орындаған; Раметов. Улугбек

**Алимент** – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның оны алуға құқығы бар басқа адамға ұсынылатын міндетті ақшалай немесе материалдық асырау. Яғни, заң жүзінде бекітілген төлем. Көп адамдар отбасы кодексінің бар екенін біле бермейді. Дегенімен, маңызды тараптарды біліп жүрген артық болмайды.

# Алименттің түрлері

1. Кәмелетке толмаған балаларға төленетін алименттер.
2. Ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін алименттер.
3. Кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға алименттер.
4. Кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына алименттер.

# 1. Кәмелетке толмаған балаларға төленетін алименттер.

Жоғарыда айтылғандай, алименттің бұл түріне ерлі-зайыптылардың ажырасқан болуы міндетті емес. Мысалы, егер күйеуі баланың оқуына, тұрмыс-тіршілігіне ақша бермесе, әйелі оны сот арқылы алимент төлеуге міндетті ете алады. Бірақ, баланы асырауда ананың да міндетті екенін ұмытпаған жөн. Я Ата-ана құқығынан айрылған ата-аналар сондай-ақ баланы асырауға Кодекстің 79-бабына сәйкес алименттер төлеуге міндетті.



## □ 2. Ерлі-зайыптылардың біріне және бұрынғы ерлі-зайыптылардың біріне төленетін алименттер.

- Баланы асырауға керек қаржыдан басқа, Кодексте ерін не зайыбын немесе бұрынғы ерін не болмаса зайыбын асырауға қаржы талап етілетін бірқатар жағдайлар бар. Мысалы:
  - еңбекке жарамсыз мұқтаж ерлі-зайыптының бірі;
  - жүктілік кезінде зайыбына және ортақ бала туғаннан бастап 3 жыл ішінде;
  - 18 жасқа толғанға дейін ортақ мүгедек-баланың күтімін жүзеге асыратын мұқтаж зайыбы;
  - Егер келісушілік немесе келісім болмаса, онда алименттерді төлетуге сотқа талап-арыз беруге болады. Алимент мөлшерін сот шешеді.

### □ 3. Кәмелетке толған, бірақ еңбекке жарамсыз балаларға алименттер.

- Еңбекке жарамды ата-аналар көмекке мұқтаж өздерінің кәмелетке толған. бірақ еңбекке жарамсыз балаларын асырауға міндетті. Бұл жағдайда ата-ана арасында келісім болмағанда, алименттер мөлшерін сот отбасының материалдық жағдайына байланысты анықтайды.



- 4. Кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауына алименттер.
- Балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарын келісім бойынша ерікті асырай алмаса, онда ата-аналар сотқа алименттерді талап етуге өтініш бере алады. Ата-ана құқығынан айрылған ата-аналар осындай алименттерге үміткер бола алмайды.



# □ Алимент қандай мөлшерде төленуі тиіс?

- Ажырасу барысында ерлі-зайыпталыр баланы асырау туралы өздері келісу керек. Алименттер сол келісім бойынша төленеді. Егер ондай келісім болмаса, онда Кодекстің 139-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға алиментті ата-анасы сотпен төлетеді.
- Алименттер ай сайын ата-анасының еңбекақысынан және/немесе өзге табысынан мынадай мөлшерде төленуі тиіс:
  - 1 балаға – табысының төрттен бір бөлігі;
  - 2 балаға – табысының үштен бір бөлігі;
  - 3 және одан да көп балаларға – табысының жартысы.
- Кейбір жағдайларда осы үлестер мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа балалар және өзге де назар аударатын жағдайларды ескерумен азайтылуы немесе ұлғайтылуы мүмкін.



- Кейбір жағдайларда осы үлестер мөлшері тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа балалар және өзге де назар аударатын жағдайларды ескерумен азайтылуы немесе ұлғайтылуы мүмкін.
- Жұмыс істемейтін борышкердің төлеуге міндетті алимент мөлшері ҚР орта жалақы мөлшерімен есептеледі (шамамен 120 000 тенге)!
- Алиментті төлеушінің жалақысынан ұстап қалуын талап етуге болады. Ол туралы сотта бөлек арыз жазу керек. Бірақ, Заңға сәкес борышкерде қалатын жалақысының немесе өзге де табысының мөлшері 50% кем болмауы тиіс.



# □ Жалақының қандай түрлерінен алимент ұсталуы мүмкін?

- 1. Кәмелетке толмаған балаларды асырауға алименттерді ұстау жалақының барлық түрлерінен (ақшалай сыйақы, асырау) және ата-анасы алатын өзге де табыс түрлерінен жүргізіледі. Ол ұлттық немене шетелдік валюта болуы мүмкін. Бұл еш маңызды емес. Алименттер келесі кіріс түрлерінен ұсталады:
- 2. үстемеақылар және қосымша ақылар;
- 3. демалыс уақытындағы сақталатын еңбекақы;
- 4. комиссиялық сыйақы;
- 5. авторлық сыйақы;
- 6. зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері;
- 7. мүлікті жалға беруден түскен табыстар;
- 8. бағалы қағаздар бойынша табыстар;
- 9. қосымша еңбек төлемі (Семей ядролық полигон, 10. Арал маңындағы экологиялық аймақтар, т.б.).

□ **Сот шешімі** бойынша алимент төлеуге міндетті төлеуші еңбекақысын алғаннан кейін 3 жұмыс күннің ішінде алимен төлеуге тиіс. Алимен төлемін түрлі жолдармен жүзеге асыруға болады. **Бірақ ең оңай әрі ыңғайлы шешім** – сот шешімін борышкердің жұмыс орнындаға есеп бөліміне тапсырып, алимент түсіп тұратын арнайы банк карточкасын жасатып алу. Сол кезде әр ай сайын алимент төлеушіден ақша сұрап тұрмайсыз.



## □ Әлимент әр түрлі жағдайда

**төленеді.** Мүгедектігіне,

асыраушысынан айрылғанда, және ата-анасының екеуі жұмыссыз жағдайда. бұл

мемлекет тарапынан 2010ж қаңтардан бастап 4 және оданда көп бала үшін бір жолғы жәрдем 70650теңгені құрады.

Бұдан басқа бір жасқа дейінгі күтіміне төленетін айсайынғы жәрдем алғашқы

балаға 5.5 АЕК(айлық есептік көрсеткіш)(7773тг) екінші балаға 6.5 АЕК (9185тг) үшінші балаға 7.5 АЕК (10598тг) 4 және одан көп балаға 6.5тен 8.5 АЕК тең (12011тг)